«Баишев мектеп- лицейі» ЖШС қызметіне өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Ақтөбе қаласы **2024ж**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 20 ақпанмен бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өтетін кестесі,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27желтоқсан № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» және «Баишев мектеп-лицейі» ЖШС-нің 2024 жылғы 29 тамыздағы педагогикалық кеңес шешімі, 09.09.-25.09 аралығында Баишев мектеп-лицейі қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 29.08.2024 ж № 1 н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда зерделеу жұмыстары жүргізілді.

1. мектеп директоры Ж.М.Ағысбай, комиссия төрағасы
2. оқу ісінің орынбасары Шерипова А.З., комиссия мүшесі
3. тәрбие ісінің орынбасары Мухамеджванова Б.Б., комиссия мүшесі
4. Биология пәнінің мұғалімі Қожа А.Д.
5. мектеп әдіскері Мендакулова А.С.

Комиссия құрамы бастауыш мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлкеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Баишев мектеп-лицейі» ЖШС, 031103, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,Ағайынды Жұбановтар көшесі,302 А
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт) **Телефон: 8 (700)9053737** Электронды почта: mektepbaisev90@gmail.com; сайты . bs. edu.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер) Ағысбай Жарасхан Мейрамбекұлы, 2023 жылғы 17 наурыз № 05 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған. ұялы телефоны: 8776 505 72 97
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.06.2020 жыл, БСН 200640028290. **Құрылтайшысы**:ТОО «Баишев мектеп-лицей» жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігі 2020 жылғы 24 маусым №1 қаулысымен бекітілген.
Рұқсат етуші құжаттар «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 08.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ21IAA00022521 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру көрсетілген.
2.Кадрлық құрамға талдау

Scanned with ACE Scanner

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін 4 педагог жұмыс атқарған. 4 педагог ішінде: санаты жоқ -3, «педагог-модератор»-1, «педагог-сарапшы»-0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **0 %** - ды құрайды, талапқа сай емес деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар зерделенді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша бастауыш сыныптарға сабақ беретін – 11 мұғалім. Оның ішінде санаты жоқ -7,жоғары санатты-2 мұғалім,педагог-модератор-1,педагог зерттеуші -1.Сапалық құрамы-27**%**. Негізгі орта білім беру бөлімінде 5,6 сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер саны-10 ,оның ішінде педагог -6, «педагог – модератор»-1, «педагог-сарапшы»-0, «педагог-зерттеуші»-1,жоғары санатты -1. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша педагогтердің жалпы санынан үлесі – **20 %** құрап отыр. Бұл бағалау өлшемшарты талабына сәйкес келмейді деп бағаланды.

2024-2025 оқу жылындағы жағдай бойынша бастауыш сыныптарға сабақ беретін – 12 мұғалім.
Оның ішінде , педагог -5, «педагог –модератор»-4, « педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші»-2,бастауыш сыныптар бойынша білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша педагогтердің жалпы санынан үлесі – **25 %** құрап отыр. Негізгі орта білім беру бөлімінде 5,6 сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер саны-11 ,оның ішінде педагог -5, «педагог –модератор»-2, « педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші»-3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша педагогтердің жалпы санынан үлесі – **36,3%** құрап отыр. Бұл бағалау өлшемшарты талабына сәйкес келеді деп бағаланды.

2.2.қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер. Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер жоқ.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

Басшылардың аты-жөні	***Лауазымдық қызметі***	***Біліктілік санаты***	***Санатты алған мерзімі, бұйрығы***
Ағысбай Ж.М.	*директор*		
Шерипова А.З.	*оқу ісінің орынбасары*	*Педагог-зерттеуші*	*№355/24.12.2021ж*

«Баишев мектеп-лицей»ЖШС директоры болып Ж.М. Ағысбай №05-17.03.2023 ж.тағайындалғаг
2022-2023, 2023-2024 оқу жылы *«Баишев мектеп-лицей» ЖМШ педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру жұмыстары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» басшылыққа алынып жүргізілген.*

Scanned with ACE Scanner

Біліктілік санаты бойынша:

Оқужылдары	*Жалпы саны*	*Санаты жоқ*	*Педагог-шебер*	*Педагог-зерттеуші*	*Педагог-сарапшы*	*Педагог-модератор*
2022-2023 оқу жылы	*4*	*3*	*-*	*-*	*0*	*1*
2023-2024 оқу жылы	*21*	*18*	*-*	*1*	*0*	*2*
2024-2025 оқу жылы	*23*	*12*		*4*	*2*	*5*

Зерделеу барысында: Мектепте барлығы 23 педагог жұмыс жасайды, оның ішінде педагог-зерттеуші-4,педагог-сарапшы- 2 педагог (2024ж) , педагог –модератор-5, санаты жоқ педагогтар саны-12, Олар:Еңбек өтілдері бес жыл толмаған педагогтар-10,зейнеткер ұстаздар-2

2024-2025 оқу жылындағы біліктілік санатқа өтініш беретін педагогтар тізімі

№	*Педагог аты жөні*	*Сабақ беретін пәні*	*Өзінде бар біліктілік санаты, мерзімі, бұйрығы*	*Ескерту*
1	*Сағынтай С.Е.*	*Бастауыш сынып мұғалімі*	-	*«Педагог-модератор» санатына өтініш береді.*
2	*Қожа А.Д.*	*Биология пәнінің мұғалімі*	-	*«Педагог-модератор» санатына өтініш береді.*
3	*Хайруллина Д.А.*	*Бастауыш сынып мұғалімі*	-	*«Педагог-модератор» санатына өтініш береді*
4.	Байдырахман Е.М.	*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*	-	*«Педагог-модератор» санатына өтініш береді*

2.4.білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Зерделеу нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.

2022-2023 оқу жылы. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, логикалық, шығармашылық потенциалын көтеру,жаңа қоғамда өмір сүруге бейімдеу мақсатында 1 кластарда «Қызықты математика»,2-4 кластарда аптасына 1 сағаттан **«Логика»** жүргізілген.

2023-2024 оқу жылы 1-4 сыныптарда «Қызықты математика», 2 сыныптарда «Жазу машықтары»,1-4 сыныптарда «Ұлттық ойындар» курстары жүргізілген. 5,6 сыныптарда Ұлттық спорттық ойындар /тоғызқұмалақ, бестас, асық, түйме алу спорттық ойындар жүргізілген.

2024-2025 оқу жылы.ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 №27 бұйрығы,2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бқйрығының 11-қосымшасына сәйкес 1-4 сыныптарға 5-6 сыныптарға 26.10.2023 ж.№323 бұйрығы, 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бқйрығының 19-қосымшасына сәйкесоқу жұмыс жоспары,сабақ кестесн жасалып бекітілген.Вариативтік компоненттен таңдау бойынша сабақтар аптасына 1 сағаттан 1 кластарда «**Грамматика әлемі»** жүргізіледі. 2 кластарда таңдау бойынша

Scanned with ACE Scanner

сабақтарға аптасына 2 сағат берілген,олар «**Логикалық тапсырмалар арқылы математиканы саралап оқыту»**, тіл дамыту мақсатында **«Сөз өнері»** жүргізіледі. 3-4 кластарда таңдау бойынша сабақтарға аптасына 1 сағат «**Математика және экология**» жүргізіледі.Сонымен қатар 1-4 кластарға спорттық қозғалмалы ойындар аптасына 1 сағат жүргізіледі.Осы оқу жылында 5-6 кластарға вариативтік компоненттен 1,5 сағат,яғни 0,5 сағат Жаһандық құзіреттілік 1 сағат спорттық қозғалмалы ойындар жүргізіледі.Гимназиялық/лицей компонентінен осы кластарға аптасына 5 сағат қарастырылған.Олар оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетке деген қызығушылығын арттыру ,көркем әдебиет пен сөз өнерін дамыту мақсатында тілді мңгерудің маңыздылығы туралы түсінік тере отырып ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары туралы білімдерін кеңейту лексикалық минимумды пайдалану арқылы сөйлес құрау тілдік құзіреттілікті қалыптастыру мақсатында **«Грамматика әлемінде саяхат»,** еркін сөйлеу,қазақ әдебиеті туралы білімін дамыту мақсатында **«Әдебиет әлемі»** курсы оқытылады.Оқушылардың математикалық функциональдық сауаттылығын қалыптастыру,басқа пәендермен кіріктіре отырып жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстурлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту мақсатында **«Логикалық математика»** білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру,қоршаған ортаны сақтау және қорғау мақсатында **«Экология және біз»** домбыра ойнау дағдыларын дамыту,ұлттық өнерге құрмет ,эстетикалық және көркем мәдениетін дамыту мақсатында **« Домбыра»**курстары аптасына 1 рет жүргізіледі.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектеп оқушылары зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижесіне бойынша аудандық, облыстық жетістіктер бар. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық «Дарын» байқаулары, олимпиадалары, ғылыми жобаларынада белсене қатысып, жетістіктерге қол жеткізген.

2022-2023 оқу жылы бойынша педагогтар мен оқушылар жетістіктері:

№	Жетістік нәтижелері			
	Оқушы аты жөні, мадақтама атауы, жылы	**Педагог аты жөні, мадақтама атауы**	**Оқу жылы**	**Мектеп атына алынған мадақтама атауы**
1	Оразалы Фархад Диплом«Абай »пәндік олимпиадасы (Математика)	Садуакасова С.С. Диплом«Абай »пәндік олимпиадасы (Математика)	2022-2023	III- дәрежелі Диплом
2	Нұрболатқызы Амина Диплом «Абай »пәндік олимпиадасы (Қазақ тілі)	Сағынтаева К.С. Диплом«Абай »пәндік олимпиадасы (Қазақ тілі)	2022-2023	III- дәрежелі Диплом
3	Қонақбай Айдос Диплом «Абай »пәндік олимпиадасы (Қазақ тілі)	Сағынтаева К.С. Диплом«Абай »пәндік олимпиадасы (Қазақ тілі)	2022-2023	III- дәрежелі Диплом
4	Тишбаев Нұрасыл Диплом «М.Мақатаев»90 жылдық «Жырлайды жүрек»	Өркен Т. Диплом «М.Мақатаев»90 жылдық «Жырлайды жүрек»	2022-2023	II- дәрежелі Диплом

Scanned with ACE Scanner

5	Әкімғали Батырхан Диплом «Абай »пәндік олимпиадасы (Математика)	Садуакасова С.С. Диплом «Абай »пәндік олимпиадасы (Математика)	2022-2023	II- дәрежелі Диплом
6	Давлеталинова Даяна Диплом «М.Мақатаев»90 жылдық «Жырлайды жүрек»	Жайгарина Д.Р. Диплом «М.Мақатаев»90 жылдық «Жырлайды жүрек»	2022-2023	II- дәрежелі Диплом

2023-2024 оқу жылы бойынша педагогтар мен оқушылар жетістіктері:

1	Бекежан Ахмат	Көбегенова Ш.Б.	2023-2024	III- дәрежелі Диплом
2	Құрманғалиев Сардар	Көбегенова Ш.Б.	2023-2024	III- дәрежелі Диплом
3	Бекмырза Бекжан	Қалабаева А.	2023-2024	III- дәрежелі Диплом
4	Мақсут Ерлен	Қалабаева А.	2023-2024	III- дәрежелі Диплом

5	Бекежан Ахмад	Көбегенова Ш.Б.	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Қазақ тілі
6	Қамбар Нұрсауле	Көбегенова Ш.Б. I-дәрежелі Диплом Қазақ тілі	2023-2024	I-II-дәрежелі Диплом Қазақ тілі
7	Құрманғалиев Сардар	Ахметова Д. I-дәрежелі Диплом Математика	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»
8	Махмудов Аманжан	Сағынтаева С.Е. I-дәрежелі Диплом Математика	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»
9	Алдаберген Данабек	Хайруллина Д.А. I-дәрежелі Диплом Математика	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»
10	Сайыпбек Дана	Хайруллина Д.А. III- дәрежелі Диплом «Ақбота»	2023-2024	III- дәрежелі Диплом «Ақбота»
11	Еркін Ілияс	Ахметова Д.III- дәрежелі Диплом «Ақбота»	2023-2024	III- дәрежелі Диплом«Ақбота»

Scanned with ACE Scanner

12	Әкімғали Арина	Хайруллина Д. III- дәрежелі Диплом «Ақбота»	2023-2024	III- дәрежелі Диплом«Ақбота»
13	Қонақбай Айдос	Сағынтай А.Е. I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»
14	Әкімғали Батырхан	Сағынтай А.Е. I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Математика «Daraboz»
15	Қонақбай Мерей	Қожа А.Д. I-дәрежелі Диплом Дүниетану «Daraboz»	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Дүниетану «Daraboz»
16	Тунгатаров Миржан	Қожа А.Д. I-дәрежелі Диплом Дүниетану «Daraboz»	2023-2024	I-дәрежелі Диплом Дүниетану «Daraboz»
17	Шингисов Данияр	Байдырахман Е.М.	2023	«Тапқырлар» номинациясы бойынша марапатталады
18	Алдоңғар Алдияр	Танжарбаев Т.Т.	2023	«Жеңіс деген ұмтылыспен» номинациясы бойынша марапатталады
19	Рашид Сұлу	Танжарбаев Т.Т.	2023	«Жеңіс деген ұмтылыспен» номинациясы бойынша марапатталады
20	Али Медина	Байдырахман Е.М.	2023	«Тапқырлар» номинациясы бойынша марапатталады
21	Али Медина	Коспанова Ү.Қ. Диплом I-дәрежелі «Smart оқушы	2024	Диплом I-дәрежелі «Smart оқушы
22	Алдоңғар Алдияр	Коспанова Ү.Қ. Диплом I-дәрежелі «Smart оқушы	2024	Диплом I-дәрежелі «Smarоқушы»
23	Искакова Айкөркем	Коспанова Ү.Қ. Диплом I-дәрежелі «Smart	2024	Диплом I-дәрежелі

Scanned with ACE Scanner

		оқушы		«Smart оқушы»
24	Нұргелдіұлы Әділетәли	Коспанова Ү.Қ. Диплом І-дәрежелі «Smart оқушы	2024	ІІІ-дәрежелі Диплом «Smart оқушы»

2.5. Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

Курстан өткен педагогтар көрсеткіші

Оқу жылдары	**Педагогтар саны**	**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы**	**ПШО (ЦПМ) педагогикалық шеберлік орталығы**	**Инклюзивтіб ілім беру бойынша**	**Басқа курстар (ақылы)**
2022-2023 оқу жылы	4	-	-	--	-
2023-2024 оқу жылы	18	1	1		1

Мектеп басшысының біліктілігін арттыру курстан өтуі туралы мәлімет

.

№	**Педагогтар аты-жөні**	**Біліктілігін арттыру оқу орны, өткен мерзімі**	**Тақырыбы, сағат саны**
1	Ағысбай Ж.М.	АО НЦПК «Өрлеу» Ақтөбе қ-сы	«Білім берудегі менеджмент» 80 сағат. №0756360 03.05.2024ж

2023-2024 оқу жылы курстан өткен педагогтар туралы мәлімет

№	**Педагогтараты-жөні**	**Педагогтердің біліктілігін арттыру оқуорны, өткен мерзімі**	**Тақырыбы, сағат саны**
1	Мендакулова А.С.	АОО НИШ «Назарбаев интелектуальдық мектебі» ПШО Ақтөбе қ-сы	«Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің піндік құзіреттілігін дамыту» 80 сағат. №067558 05.04.2024ж.
2	Қоспанова Ү.Қ.	Ақтөбе облысының білім басқармасы	IQ center Urker №101694

Scanned with ACE Scanner

		"Ақтөбе -дарын" өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы	
3	Қожа А.Д.	АО НЦПК «Өрлеу» Ақтөбе қ-сы	«Психологиялық-педагогикалық практикадағы сторителлинг» №105885 17.02.2023

Мектептің педагогтары өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында 3 жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған. Мектеп директорының **үш жылда бір рет** біліктілігін арттыру курстан өтуі **талапқа сәйкес**.

3.Білім алушылар контингенті.

3.1.деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер; Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ:
«Баишев мектеп-лицей»ЖШС мектебінде 2022-2023,2023-2024 ,2024-205 оқу жылдарында денсаулығына байланысты ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы тіркелмеген.

3.*2. сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер*

Бастауыш кластар бойынша контингентке талдау:

Оқу жылдары	1кл		2кл		3кл		4кл		1-4кл		
	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	оқушы	кл	Кл/ компл	оқушы
2022-2023	1	3	1	7	1	10	1	8	4	4	28
2023-2024	3	45	2	24	1	19	1	7	7	7	95
2024-2025	2	32	3	33	2	21	2	17	7	7	103

2023-2024 оқу жылын 95 оқушы аяқтады. Оқу жылы ішінде 1класқа –1 оқушы, 3класқа -1оқушы келді, оқу жылы аяғында барлығы-19 оқушы болды.

Кластар толымдылығы:

Оқу жылдары	Оқушы саны	Барлық кластар саны		Класс/комплект		Кластар толымдылығы
		қазақ	орыс	қазақ	орыс	
2022-2023	28	28	-	4	-	7
2023-2024	126	126	-	9	-	14
2024-2025	127	127	-	11	-	12

2024-2025 оқу жылында барлығы класс комплект- 11 .Барлығы 127 білім алушы оқытылуда. Кластардың орташа толымдылығы –12 оқушы.

3.3.Блім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

Оқу жылы	келгені	кеткені	барлығы	Мектептен кету себептеріне талдау
2022-2023	67	-	67	
2023-2024	31	-	31	
2024-2025	52	21		

2022-2023 оқу жылы басында – 28 оқушы, аяғында 95 оқушы аяқтаған;
2023-2024 оқу жылы басында білім алушылар саны – 126 оқушы. Оқу жылы ішінде 1класқа – 45 оқушы, оқу жылы аяғында барлығы-126 оқушы болды. Биылғы оқу жылына 150 оқушы жоспарланған,қыркүйек айындағы есеп бойынша 127 оқушы .
Былтырғы жылдармен салыстырғанда 1 оқушыға артқан. (31%)

Scanned with ACE Scanner

Баишев мектеп-лицейіне қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.«Баишев мектеп-лицей» ЖШС-не қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.
Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылған.

4.Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

4.1.білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Мектептің 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдардағы жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі тексерілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-тарауы 1 параграфынның 94 тармағының 6) тармақшасы негізінде 1-4 кластарында оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылған.

1-4 кластар үшін оқу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен *1- қосымшасы* негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2022 - 2023 оқу жылында 1-4 сыныпта 4 класс, 4 класс комплектте – 28 оқушы оқыды.

Төмендетілген оқу жүктемесімен алынған оқу жұмыс жоспары 2022-2023оқу жылының басында 31 тамызында педагогикалық кеңес отырысында (хаттама №1. 31.08.2023ж) қарастырылып және ата-аналар комитетімен келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары бекітілгеен.

1-4 кластар үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының *8- қосымшасы* негізінде құрылған.

Үлгілік оқу жоспары	1-4 сыныптар үшін
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 30.09.2022ж №412 бұйрығы	8- қосымшасы

Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарын құрудағы өзгеріс:

«Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» болып екі пәнге бөлінді. Шағын жинақты мектеп болғандықтан инвариаттық оқу жүктемесінде көркем еңбек, музыка, дене шынықтыру пәндері біріктіріліп оқытылған.

	1сынып	2сынып	3сынып	4сынып	Апталық	Жылдық

Scanned with ACE Scanner

					жүктемесі	**жүктемесі**
Инвариаттық оқу жүктемесі	18,5	23	25	25	91,5	3275,5
Вариативтік компонент сағаттары	2	2	2	2	8	143
Ең жоғары оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3418,5

Вариативтік компонент сағаттары:

Таңдау бойынша сабақтар мақсаты:

1) Оқушылардың білім ,білік дағдыларын ойындар ,саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде пайдалана білу жағдаяттарына дайындау;
2) Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын , логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру;

1 сыныпқа «Қызықты математика» аптасына 1 сағаттан,
2-4 сыныпқа «Логика» аптасына 1 сағаттан, аптасына 1 сағаттан таңдалып алынған.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар (қозғалыс ойындар) сауықтыру процесіне, білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған 1-4 сыныптарға ұлттық ойынға аптасына 1 сағат алынған.

Сабақ кестесі туралы : **«kundelik kz» журналы арқылы жүргізілген.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «2022–2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығына сәйкес 2022 -2023 оқу жылының басталу мерзімі 2022 жылдың 1 қыркүйегі болып белгіленген. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 35 оқу аптасы.(ақпан айында 1апта демалыс)

1 сыныптар үшін «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылды. «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» болып екі пәнге бөлінді. «Қазақ тілі» мен «Орыс тілі» пәндері оқытылмады. Шетел тілі ҮОЖ сәйкес 2сыныптан бастап оқытылды. 2 жарты жылдықтан бастап «Цифрлық сауаттылық» жүргізілді.(сынып екі топқа бөлінбей оқытылды.) Дене шынықтыру пәні аптасына 2 сағат оқытылды.

Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізілді.

2-4 сыныптарда - оқу жылының ұзақтығы 36 оқу аптасын құрайды. 1-4 сыныптарда күзгі каникул 2022 жылғы 31 қазан- 6 қараша аралығында - 7 күн, қысқы каникул 2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында- 9 күн, көктемгі каникул 2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында– 9 күн беріліп, белгіленген. 1-сыныптарда қосымша каникул 2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында 7 күнге берілген. Дене шынықтыру пәні аптасына 2 сағаттан оқытылған.

Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған. Сабақ кестесі электронды «kundelik kz» журналына толтырылған. Мектептегі таңдау бойынша сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 36 апталық жүктеме қамтылған. 2022-2023 оқу жылында 1-4-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу

Scanned with ACE Scanner

жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған.

2023 - 2024 оқу жылында 1-4 сыныпта 7 класс, 7 класс комплектте – 95 оқушы ,жалпы мектеп бойынша 9 класс 126 оқушы оқыды.

Төмендетілген оқу жүктемесімен алынған оқу жұмыс жоспары 2023-2024оқу жылының басында 31 тамызында педагогикалық кеңес отырысында (хаттама №1. 31.08.2023ж) бекітіліп, педагог қызметкерлердің апталық жүктемелері педагогикалық кеңесте талданып, бекітілген.

1-4 кластар үшін оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 11 қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес алынған.

Үлгілік оқу жоспары	**1-4 сыныптар үшін**
ҚР ОАМ 30.09.2022ж №412 бұйрығы	11 қосымшасы

	1сынып	**2сынып**	**3сынып**	**4сынып**	**Апталық жүктемесі**	**Жылдық жүктемесі**
Инвариаттық оқу жүктемесі	17,5	21	24	24	142,5	3637,5
Вариативтік компонент сағаттары	2	3	2	2	16	538
Ең жоғары оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	158,5	4175,5

***Вариативтік компонент сағаттары*:**

Бастауыш білім беру деңгейінен 1 - 4 сынып аралығында таңдау бойынша сабақтарға 9 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға -7 сағат, барлығы аптасына - 9сағат бөлінген.

1-4 сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын ұлттық құндылықтар арқылы кеңейту, дүниетанымдарын әртүрлі ойындар, туған өлкелерге саяхаттау әрекеттері арқылы білімдерін өмірде қолдана білу жағдаяттарына дайындау мақсатында **«Ұлттық ойындар»** таңдау бойынша сабақ аптасына 1 сағат оқытылған.

1-4 сынып оқушыларының математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын , логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында **«Қызықты математика»** таңдау бойынша сабақ аптасына 1 сағат жүргізілген.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар сауықтыру процесіне, білім алушылардың қозғалу белсенділігін арттыруға бағытталған және гимназиялық компоненттен 5 класс оқушылары **«логика,математика 2 сағат,ағылшын тілі»** аптасына 1 сағат барлығы-10 сағат бөлінген.

Сабақ кестесі туралы :

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы 2023– 2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 304 бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда болып белгіленген.

1-4 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы төмендегідей белгіленген:

1) 1-тоқсанда 8 оқу аптасы, күзгі демалыс күнтізбелік 7 күн- 2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда;
2) 2-тоқсанда 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн -2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда;
3) 3-тоқсанда 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн -2024 жылғы 21-31 наурыз

Scanned with ACE Scanner

аралығында;

4) 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн -2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында;
5) 4-тоқсан – 8 оқу аптасы, барлығы 34 оқу аптасы.

Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынды.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған. Сабақ кестесі электронды «BilimClass»__журналына толтырылған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 34 апталық жүктеме қамтылған.2023-2024 оқу жылында 1-4-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.

Жалпы 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik.kz» платформасынан *(жүктеп алынған)* , «BilimClass»_журналдарын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2-тарау. Білім беру ұйымдары қызметінің тәртібінің 35 тармағында Бір үлкен үзілістің орнына бірінші және алтыншы сабақтан кейін әрқайсысы жиырма бес минуттан ал басқа сабақтар арасында білім алушылар тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді ұйымдастырылып қойылған.

2022-2023,2023-2024 оқу жылдарындағы мектептің оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған.

2024-2025 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған.

4.2. жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Баишев мектеп-лицейі бес күндік жұмыс аптасында бір ауысымда жұмыс жасайды. Мектептегі оқу-

Scanned with ACE Scanner

тәрбие процесін ұйымдастыру оқу жылына құрылған оқу жұмыс жоспарлары негізінде педагогтардың апталық жүктемелеріне сәйкес құрылған сабақ кестесімен реттелген.

2022-2023, 2023-2024,2024-2025 оқу жылдарында 1-4 сыныптардағы оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде жүзеге асырылды.

1-4 сыныптардағы және 5,6 сыныптардағы жалпы білім беретін пәндерді оқыту бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары»-на сәйкес құрылып, оқытылды. **Бастауыш класс мұғалімдерінің ұзақ мерзімді күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен қысқа мерзімді күнделікті сабақ жоспарлары жалпы білім беретін пәндер бойынша** аталған үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, әр пәннің саласы бойынша бірлестік отырыстарында талқыланып, мектеп директорымен бекітіліп отырған.

2022-2023 оқу жылдары **инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар,** электронды форматтағы «kundelik kz» журналына салынған, ал 2023-2024 оқу жылы «BilimClass» журналына **толтырылып жүргізілуде.**

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын ***<u>күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарлары «kundelik.kz» электронды журналынан алынған выгрузкаға толық түспей қалу себепті</u>*** ***<u>мұғалімдердің қағаз түріндегі жоспарларынан тексерілді,</u>*** нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалған. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

<u>2022-2023 оқу жылы</u> Мұғалімдер мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық жоспарын «kundelik.kz» электронды журналына толтырып отырған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының денгейіне сәйкес жүзеге асырылған.

2022-2023 **оқу жылында** ***барлық 1-4 кластарында*** **күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 **бұйрығына енгізілген өзгерістермен және толықтыруларына сәйкес <u>2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399</u> бұйрығымен бекітілген** «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің **үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған.**

Өзін-өзі бағалау барысында,2022-2023 оқу жылдарындағы жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары электрондық «kundelik.kz» журналындағы (*барлық мәлімет сканерленіп, дискіге салынған болатын)* алынған *<u>выгрузка бойынша</u>* тексерілді. Нәтижесінде,2022-2023 оқу жылындағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар выгрузкаға түспей қалған, сондықтан педагогтардың Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар толтырылған.

2023-2024 оқу жылында ***барлық 1-4 кластарында*** **күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» қосымшалары бойынша **бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған.**

Педагогтар жалпы білім беретін пәндердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын жаңа қолданысқа енгізген <u>«BilimClass»</u> электронды журналына толтырған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Инвариантты жане вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы

Scanned with ACE Scanner

сипаттағы жеке және топтық сабақтардың барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналы қолданысқа енгізген. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толтырылуы тексерілді. Сабақ кестесімен сәйкес келеді.

Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалған. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Оқу бағдарламалары нормаға сәйкес орындалған. 2022-2023оқу жылында «Kundelik.kz», 2023-2024 оқу жылындағы «BilimClass» электронды журналдарында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

Аталған оқу жылдарына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген.Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған.

2022-2023,2023-2024 оқу жылдарындағы оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтыруларымен) бекітілген жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 , 2023– 2024 оқу тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары , Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. shkolasad инстаграмм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық

Scanned with ACE Scanner

есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған.

Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Әке тәлімі» әкелер мектебі, «Анаға қарап қыз өсер» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы,«Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылып, 2022-2023 оқу жылында - 15оқушы ұйымға қабылданған. 2023-2024 оқу жылында «Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау тоқтатылуына байланысты, ұйымға бала қабылданбаған.

Баишев мектеп лицейінде балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде, 2022-2023 оқу жылында , 2023-2024 оқу жылында Қалдыбай Н.М тағайындалған.

«Жас Қыран» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы бар. Жас Қыран ұйымының жылдық жоспары, 7 бағытқа арналған папкалары, ұсыныс дәптерлері бар.

"Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран
2022-2023 оқу жылы	28

